Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрілігі
«ГЕОГРАФИЯ ЖӘНЕ СУ ҚАУІПСІЗДІГІ ИНСТИТУТЫ» АҚ
(«ГИ СҚ» АҚ)

ӘОЖ. 911.2.001; 91:504
Инв. №_____

БЕКІТЕМІН
Басқарма Төрағасының орынбасары
«ГИ СҚ» АҚ
Т.ғ.к., қауым. профессор
_____ С.Қ. Алимкулов
«27» қараша 2024 ж.

ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫНЫҢ

ЕСЕБІ

Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасымен
20.05.2024 ж. №19 келісім-шарты бойынша

тақырыбы:

«МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ БЕЙНЕУ АУДАНЫНДАҒЫ ТӘЖЕН, СЫҢҒЫРЛАУ, САМ, ТҰРЫШ ЖӘНЕ АҚЖІГІТ, ҚАРАҚИЯ АУДАНЫНДА СЕНЕК ЖӘНЕ БОСТАН, МАҢҒЫСТАУ АУДАНЫНДА ЖАРМЫШ ЖӘНЕ АҚШЫМЫР, ТҮПҚАРАҒАН АУДАНЫНДА ТАУШЫҚ ЕЛДІ МЕКЕНДЕРІНДЕ ҚАУІПТІ ЭОЛДЫҚ ПРОЦЕСТЕРДІҢ ДАМУ ҚАУПІН АЙҚЫНДАУ МАҚСАТЫНДА ЖОБАНЫҢ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕМЕСІН ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ СМЕТАСЫН ӘЗІРЛЕУ»
(қорытынды)

ҒЗЖ Ғылыми жетекшісі,
геогр. ғылым. канд.

_____ К.Б. Егембердиева
қолы, күні

Алматы 2024

ОРЫНДАУШЫЛАР ТІЗІМІ

ҒЗЖ Ғылыми жетекшісі, геотуризм және геоморфология зертханасының жетекшісі геогр. ғылым. канд.	қолы, күні	К.Б. Егембердиева
Бас ғылыми қызметкер, ҚР ҰҒА академигі, геогр. ғылым. докт.	қолы, күні	А.Р. Медеу
Геотуризм және геоморфология зертханасының жет. ғылым. қызм., геогр. ғылым. канд.	қолы, күні	А.Д. Абитбаева
Геотуризм және геоморфология зертханасының аға ғылым. қызмет., философия докторы (PhD)	қолы, күні	Р.К. Темирбаева
Геотуризм және геоморфология зертханасының аға ғылым. қызмет., геогр. ғылым. канд.	қолы, күні	Ю.Ф. Лый
Геотуризм және геоморфология зертханасының аға ғылым. қызмет., философия докторы (PhD)	қолы, күні	А.Г. Валеев
Геотуризм және геоморфология зертханасының ғылым. қызм.	қолы, күні	Е.Е. Халықов
Геотуризм және геоморфология зертханасының ғылым. қызм.	қолы, күні	М.М. Тоғыс
Геотуризм және геоморфология зертханасының ғылым. қызм.	қолы, күні	А.П. Хен
Геотуризм және геоморфология зертханасының ғылым. қызм.	қолы, күні	А.А. Бектұрсынова
Геотуризм және геоморфология зертханасының ғылым. қызм.	қолы, күні	Ж.М. Шарапханова
Геотуризм және геоморфология зертханасының ғылым. қызм.	қолы, күні	Ю.А. Юшина

Геотуризм және геоморфология зертханасының кіші ғылым. қызм.	_____ қолы, күні	Н.А. Ажиров
Геотуризм және геоморфология зертханасының кіші ғылым. қызм.	_____ қолы, күні	Т.О. Блисбеков
Бас ғылым. қызм., г-м. ғылым. канд.	_____ қолы, күні	Э.И. Нурмамбетов
Бас ғылым. қызм., геогр. ғылым. докт.	_____ қолы, күні	М.А. Аскарова
Ғылым. қызм.	_____ қолы, күні	А.Н. Митрофанова
Ғылым. қызм.	_____ қолы, күні	О.А. Токжанов
Инженер-сметашы	_____ қолы, күні	Г.М. Акиянова

РЕФЕРАТ

Отчет 230 с., 69 рис., 10 табл., 1 прил.

ГЕОМОРФОЛОГИЯ, ДЕФЛЯЦИЯ, ИНДЕКС АРИДНОСТИ, ПОДВИЖНЫЕ ПЕСКИ, РЕЛЬЕФООБРАЗУЮЩИЕ ПРОЦЕССЫ, ФИТОМЕЛИОРАЦИЯ, КАПЕЛЬНОЕ ОРОШЕНИЕ, ЭОЛОВЫЕ ПРОЦЕССЫ, СМЕТНАЯ ДОКУМЕНТАЦИЯ.

Объект исследования: Опасные эоловые процессы населенных пунктов Тажен, Сынгырлау, Сам, Турыш и Акжигит Бейнеуского района, Сенек и Бостан Каракиянского района, Жармыш и Акшымырау Мангистауского района, Таушык Тупкараганского района Мангистауской области.

Цель: выполнить научное обоснование проекта и разработать смету услуг в целях определения риска развития опасных эоловых процессов в населенных пунктах Тажен, Сынгырлау, Сам, Турыш и Акжигит Бейнеуского района, Сенек и Бостан Каракиянского района, Жармыш и Акшымырау Мангистауского района, Таушык Тупкараганского района Мангистауской области.

Задачи: 1. Физико-географическая характеристика территорий исследования; 2. Социально-экономическая характеристика территорий исследования; 3. Разработка сметы услуг проекта в целях определения риска развития опасных эоловых процессов в 10 населенных пунктах Мангистауской области.

Объем работ заключительного отчета – Разработка сметы услуг по определению риска развития опасных эоловых процессов в населенных пунктах Тажен, Сынгырлау, Сам, Турыш и Акжигит Бейнеуского района, Сенек и Бостан Каракиянского района, Жармыш и Акшымырау Мангистауского района, Таушык Тупкараганского района Мангистауской области с указанием мероприятий по этапам работ с площадями участков по механической защите и фитомелиорации песков.

РЕФЕРАТ

Есеп 230 б., 69 сурет, 10 кесте мен 1 қосымшадан тұрады.

ГЕОМОРФОЛОГИЯ, ДЕФЛЯЦИЯ, ҚҰРҒАҚТЫҚ ИНДЕКСІ, ЖЫЛЖЫМАЛЫ ҚҰМДАР, БЕДЕРТҮЗУШІ ПРОЦЕСТЕР, ФИТОМЕЛИОРАЦИЯ, ТАМШЫЛАТЫП СУҒАРУ, ЭОЛДЫҚ ПРОЦЕСТЕР, СМЕТАЛЫҚ ҚҰЖАТТАМА.

Зерттеу нысаны: Маңғыстау облысы Бейнеу ауданындағы Тәжен, Сыңғырлау, Сам, Тұрыш және Ақжігіт, Қарақия ауданындағы Сенек және Бостан, Маңғыстау ауданындағы Жармыш және Ақшымырау, Түпқараған ауданындағы Таушық елді мекендеріндегі қауіпті эолдық процестер.

Мақсаты: Маңғыстау облысы Бейнеу ауданы Тәжен, Сыңғырлау, Сам, Тұрыш және Ақжігіт, Қарақия ауданы Сенек және Бостан, Маңғыстау ауданы Жармыш және Ақшымырау, Түпқараған ауданы Таушық елді мекендерінде қауіпті эолдық процестердің даму қаупін анықтау мақсатында жобаның ғылыми негіздемесін орындау және қызмет сметасын әзірлеу.

Міндеттері: 1. Зерттеу аумақтарының физикалық-географиялық сипаттамасы; 2. Зерттеу аумақтарының әлеуметтік-экономикалық сипаттамасы; 3. Маңғыстау облысының 10 елді мекенінде қауіпті эолдық процестердің даму қаупін айқындау мақсатында жоба қызметтік сметасын әзірлеу.

Аралық есепте жасалған жұмыс көлемі – Маңғыстау облысы Бейнеу ауданы Тәжен, Сыңғырлау, Сам, Тұрыш және Ақжігіт, Қарақия ауданы Сенек және Бостан, Маңғыстау ауданы Жармыш және Ақшымырау, Түпқараған ауданы Таушық елді мекендерінде құмдарды механикалық қорғау және фитомелиорациялау телімдерінің алаңдарымен жұмыс кезеңдері бойынша іс-шараларды көрсете отырып, қауіпті эолдық процестердің даму қаупін айқындау жөніндегі қызметтер сметасын әзірлеу.

МАЗМҰНЫ

1 Физикалық-географиялық және әлеуметтік-экономикалық сипаттамаларды ескере отырып, 10 елді мекенде қауіпті эолдық процестердің дамуынан қорғау іс-шараларын жүргізудің бірінші кезектілігінің негіздемесі……..... 8

2 Құмдарды механикалық қорғау және фитомелиорациялау бойынша телімдердің алаңдарымен жұмыс кезеңдері бойынша іс-шараларды көрсете отырып, Бейнеу ауданының Тәжен ауылының айналасындағы қауіпті эолдық процестердің даму қаупін айқандау жөніндегі қызметтер сметасын әзірлеу..... 18

2.1 Түсіндірме жазба…..... 18

2.2 Нысанның Бас жоспары …..... 19

2.3 Технологиялық шешімдер …..... 20

2.4 Сметалық құжаттама …….... 29

3 Құмдарды механикалық қорғау және фитомелиорациялау бойынша телімдердің алаңдарымен жұмыс кезеңдері бойынша іс-шараларды көрсете отырып, Бейнеу ауданының Сыңғырлау ауылының айналасындағы қауіпті эолдық процестердің даму қаупін айқандау жөніндегі қызметтер сметасын әзірлеу..... 40

3.1 Түсіндірме жазба ……..... 40

3.2 Нысанның Бас жоспары ……..... 42

3.3 Технологиялық шешімдер……..... 43

3.4 Сметалық құжаттама ……..... 52

4 Құмдарды механикалық қорғау және фитомелиорациялау бойынша телімдердің алаңдарымен жұмыс кезеңдері бойынша іс-шараларды көрсете отырып, Бейнеу ауданының Сам ауылының айналасындағы қауіпті эолдық процестердің даму қаупін айқандау жөніндегі қызметтер сметасын әзірлеу……..……..... 62

4.1 Түсіндірме жазба …… 62

4.2 Нысанның Бас жоспары …… 64

4.3 Технологиялық шешімдер ……. 65

4.4 Сметалық құжаттама …….. 74

5 Құмдарды механикалық қорғау және фитомелиорациялау бойынша телімдердің алаңдарымен жұмыс кезеңдері бойынша іс-шараларды көрсете отырып, Бейнеу ауданының Ақжігіт ауылының айналасындағы қауіпті эолдық процестердің даму қаупін айқандау жөніндегі қызметтер сметасын әзірлеу……..... 85

5.1 Түсіндірме жазба …… 85

5.2 Нысанның Бас жоспары …… 87

5.3 Технологиялық шешімдер ……. 88

5.4 Сметалық құжаттама ……. 97

6 Құмдарды механикалық қорғау және фитомелиорациялау бойынша телімдердің алаңдарымен жұмыс кезеңдері бойынша іс-шараларды көрсете отырып, Бейнеу ауданының Тұрыш ауылының айналасындағы қауіпті эолдық процестердің даму қаупін айқандау жөніндегі қызметтер сметасын әзірлеу……..……..... 107

6.1 Түсіндірме жазба …..... 107

6.2 Нысанның Бас жоспары …… 108

6.3 Технологиялық шешімдер ……. 109

6.4 Сметалық құжаттама …….. 116

7 Құмдарды механикалық қорғау және фитомелиорациялау бойынша телімдердің алаңдарымен жұмыс кезеңдері бойынша іс-шараларды көрсете отырып, Қарақия ауданының Сенек ауылының айналасындағы қауіпті эолдық

процестердің даму қаупін айқандау жөніндегі қызметтер сметасын әзірлеу…… 126
7.1 Түсіндірме жазба …. 126
7.2 Нысанның Бас жоспары …. 127
7.3 Технологиялық шешімдер …. 128
7.4 Сметалық құжаттама …….. 137
8 Құмдарды механикалық қорғау және фитомелиорациялау бойынша телімдердің алаңдарымен жұмыс кезеңдері бойынша іс-шараларды көрсете отырып, Қарақия ауданының Бостан ауылының айналасындағы қауіпті эолдық процестердің даму қаупін айқандау жөніндегі қызметтер сметасын әзірлеу…… 147
8.1 Түсіндірме жазба …… 147
8.2 Нысанның Бас жоспары …… 149
8.3 Технологиялық шешімдер ……. 150
8.4 Сметалық құжаттама …….. 157
9 Құмдарды механикалық қорғау және фитомелиорациялау бойынша телімдердің алаңдарымен жұмыс кезеңдері бойынша іс-шараларды көрсете отырып, Маңғыстау ауданының Жармыш ауылының айналасындағы қауіпті эолдық процестердің даму қаупін айқандау жөніндегі қызметтер сметасын әзірлеу…… 167
9.1 Түсіндірме жазба …… 167
9.2 Нысанның Бас жоспары …… 168
9.3 Технологиялық шешімдер ……. 169
9.4 Сметалық құжаттама …….. 174
10 Құмдарды механикалық қорғау және фитомелиорациялау бойынша телімдердің алаңдарымен жұмыс кезеңдері бойынша іс-шараларды көрсете отырып, Маңғыстау ауданының Ақшымырау ауылының айналасындағы қауіпті эолдық процестердің даму қаупін айқандау жөніндегі қызметтер сметасын әзірлеу…… 184
10.1 Түсіндірме жазба …… 184
10.2 Нысанның Бас жоспары …… 185
10.3 Технологиялық шешімдер ……. 186
10.4 Сметалық құжаттама ……. 196
11 Құмдарды механикалық қорғау және фитомелиорациялау бойынша телімдердің алаңдарымен жұмыс кезеңдері бойынша іс-шараларды көрсете отырып, Түпқараған ауданының Таушық ауылының айналасындағы қауіпті эолдық процестердің даму қаупін айқандау жөніндегі қызметтер сметасын әзірлеу…… 207
11.1 Түсіндірме жазба …… 207
11.2 Нысанның Бас жоспары …… 209
11.3 Технологиялық шешімдер ……. 210
11.4 Сметалық құжаттама …….. 218
ҚОСЫМША А Келісім-шартқа Күнтізбелік жоспар…… 228

1 Физикалық-географиялық және әлеуметтік-экономикалық сипаттамаларды ескере отырып, 10 елді мекенде қауіпті эолдық процестердің дамуынан қорғау іс-шараларын жүргізудің бірінші кезектегілігінің негіздемесі.

1. *Қарақия ауданындағы Сенек а.* Қарақия ауданының Сенек ауылы аумағының геологиялық-геоморфологиялық жағдайларында эолдық процесстердің дамуы қаупі жоғары. Қарастырылып отырған аумақтың жартысынан көбі Түйесу құмына өтетін дефляциялық-аккумулятивті процестерге ұшырайды. Орташа жоғары құрғақтық индексімен (ІА 0,38) бірге бекітілмеген құмдардың болуы аймақты жел процестеріне осал етеді. Есептеулерге сәйкес, жылына алдыңғы сызық арқылы құм мен шаңның тасымалдану шамасы 1 м, ШОШ бағыттан 62,2 м^3 құрауы мүмкін болса, шығыс бағыттан 55,2 м^3 және ОШ бағыттан 32,3 м^3 болуы мүмкін. Жер асты сулары деңгейінің 6-8 метрге төмендеуі және депрессиялық шұңқырдың пайда болу салдарынан жартылай бекітілген құмдар үрленетін құмдар қатарына өтіп, ауылдарды құмбаса бастады. Сонымен қатар, оңтүстік-шығыс және шығыс бағыттағы қатты желдерден шағыл құмдар Сенек ауылына жылжып келеді. Жылжымалы құм алқаптарының ұлғаюына байланысты Сенек ауылының экологиялық және әлеуметтік жағдайы нашарлады. Сенек а. аумағындағы эолдық процестер қатты байқалып, жергілікті тұрғындар мен инженерлік құрылыстарға қауіп төндіреді. Жылжымалы құмдарға ғимараттар, кенттік инфрақұрылым, сорғы станциясы, зираттар, автомобиль жолдарын құмбасуда. Әртүрлі дәрежедегі шымданған тілімдену жағдайындағы эолдық жер бедерінде құбырларды құмбасып қалуы жиі байқалады (1-ші сурет).

Өткен ғасырдың 50-ші жылдарының ортасында Түйесу құмы елді мекеннен 1,5 – 2-км қашықтықта болды. Айналасында жасыл шөп өсіп, ауылдан жеті километр жерде тегіс жасыл көгалды аумақ болды. 60-шы жалдардың ортасында құрғақшылық пайда болып, жауын-шашын азайды, ол соңғы жылдары күшейе түсті. 70 жылдардың басында Түйесудың су ресурстарын өнеркәсіптік өңдеу процессі басталды. 1982 жылы Жаңаөзенге дейін сутартқыш салынды, ол құм басудың жеделдеуінің негізгі себебі болып отыр. Аумақта деградациясы процесі, жартылай бекітілген құмдарда ауыл маңындағы жайылымдарда жайылатын мал басының өсуімен күшейе түсуде. Сенек ауылының аумағында эолдық процестің дамуының келесі маңызды факторы болып өте көп мал басын жаю табылады. Сенек ауылы қауіпті эолдық процесстердің көріністерінен бірінші кезекте қорғауды талап етеді, сондай-ақ халықты экологиялық тәрбиелеу бойынша жүйелі негізде жұмыстар жүргізу қажет.

1 – сурет – Құмдардың үрлеу қаупі және құбырлардың деформациялану қатері

2. Бейнеу ауданының Сам а. Сам ауылы құмды массивтің шетінде орналасқан және дефляцияға ұшыраған. Зерттеу аумағының басым бөлігі эолдық дефляциялық-аккумуляциялық процестерге ұшыраған. Бекітілмеген құмдар дефляцияның жоғары қаупін арттырады. Есептеулерге сәйкес, жылына алдыңғы сызық арқылы құм мен шаңның тасымалдану шамасы 1 м, ШОШ бағыттан 18,6 м^3 құрауы мүмкін болса, шығыс бағыттан 20,3 м^3, батыс, СБ бағыттан 19,3 м^3 болуы мүмкін. Оңтүстік-шығыс, шығыс және солтүстік-батыстың қатты желдері шаңның тасымалдануын күшейтеді. Сонымен қатар, мал жаю топырақты босатып, құмдарды қозғалмалы күйге келтіреді.

Дефляция процестері жоғары белсенділікке және күшті көрініс дәрежесіне ие. Жылжымалы құм ғимараттар (2-сурет), кенттік инфрақұрылым, темір және автомобиль жолдарын басуда.

2 – сурет – Эолдық процестер нәтижесінде құмбасулар қалыптасады

Дефляция ғимараттардың негізіндегі топырақты үрлейді, құбырлар мен басқа да инженерлік құрылыстарды ашады, сонымен қатар ауаның шаңдануын қалыптастырады. Жағдай негізінен ауыл маңындағы қатты деградацияға ұшыраған жайылымдарда жайылатын ірі қара мал басының өсуімен күрделене түседі. Жалпы мал азығының тапшылығы мен мал азығының жетпеуі проблема болып отыр. Қауіпті эолдық процестерден бірінші кезекте қорғауды талап ететін нысандар: Сам ауылының өзі, автомобиль жолы мен теміржол және де халыққа экологиялық тәрибие беру бойынша жүйелі түрде жұмыстар жүргізу қажет.

Сам ауылының оңтүстігінде көлді-аллювийлік, көлбеу аккумуляциялық жазықта сорт түзілу және тұздану процестері жүреді. Құмдарды бекіту үшін қорғаныс шараларының кешенін қолдану қажет.

3. Маңғыстау облысының Ақшымырау а. Маңғыстау ауданы Ақшымырау ауылы аумағының геологиялық-геоморфологиялық жағдайлары қолайсыз эолдық процестерге қатты бейім. Бос құмдар, орташа жоғары құрғақтық индексі (IA 0,38) және күшті желдер жүктемесі жердің қарқынды дефляциясы мен эрозиясына жағдай жасайды. Есептеулер бойынша құмның тасымалдануы шығыстан жылына 33,5 м³ және оңтүстік-оңтүстік-шығыстан жылына 37,1 м³ 1 метрлік фронт арқылы құрауы мүмкін.

Зерттеу аумағының басым бөлігінде сорлар мен суффозиялық ойпаңдар дамыған. Ауыл үшін ең үлкен қауіп эолдық, тегіс, ұсақ төбешікті құмдарда дамыған дефляциялық процестер болып табылады. Құмды массивтер ауылдың дәл жанында орналасып, оңтүстік-шығысқа қарай созылады, сонымен қатар ауылдан солтүстікке қарай 4,42 км және оңтүстік-батысқа қарай 1,8 км жерде орналасқан. Құмдар зерттеу аумағының 11,7 шаршы шақырымын алып жатыр. Құмды шөгінділердің ұшуы нәтижесінде шаңды дауылдар пайда болады, ғимараттар, ауыл инфрақұрылымы құммен жабылады (3-сурет). Эолдық процестер өте қарқынды көрініс табады.

3 – сурет – Қоныстану нысандарына іргелес аумақтарды құмбасу

Шаруашылық қызмет мал шаруашылығы саласының белсенді дамуына және соның салдарынан шөлейттену процестерінің күшеюіне әкеп соқтыратын жайылымдық жерлерді нормативтен тыс пайдалануға негізделген. Сондай-ақ, халыққа экологиялық тәрбие беру жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу қажет.

4. Бейнеу ауданының Тұрыш а. Бейнеу ауданының Тұрыш ауылының геологиялық-геоморфологиялық жағдайлары эолдық процестердің даму қаупін жоғарылатады. Аумақта Сам құмдарында және олардың солтүстігіндегі төбешікті-ұяшықты құмдарда эолдық дефляциялық және дефляциялық-аккумулятивтік процестер жүріп жатыр.

Құмдар зерттеліп жатқан аумақтың шамамен жартысын алып жатыр. Дефляция мен аккумуляция желдің әрекетімен байланысты қауіпті геодинамикалық үдерістер тобына жатады. Дефляция құмды материалдың ұшуы мен үрленуі түрінде көрініс табады. 1 м фронт сызығы арқылы уақыт бірлігіне құм мен шаңды тасымалдау шамасы шығыс-оңтүстік-шығыс бағытынан 18,6 м^3, шығыс бағытынан 20,3 м^3, батыс бағытынан 23,0 м^3, батыс-солтүстік-батыс бағытынан 19,3 м^3 құрауы мүмкін. Желмен көтерілген құм үлкен қашықтықтарға жоғары жылдамдықтармен ауысып, эолды шөгінділерді түзіп, жер бетінде жиналады. Дефляция инженерлік және елді-мекендер құрылымдары (ғимараттар, тұрғын инфрақұрылымы, теміржол және автожолдар) үшін қауіп төндіреді (4-сурет).

а)

б)

4 – сурет Эолдық процестердің көріну нәтижелері: а) қоныстану құрылымдарының маңында құмды материалдың аккумуляциясы; б) шаңды дауылдар.

Елді мекендерде ірі қара мал басының өсуі жалғасуда және мал негізінен жартылай бекітілген құмдарда, ауыл маңындағы жайылымдарда жайылып, деградация проблемасын күшейтеді.

Зерттеу аймағында эолдық процестердің көріну дәрежесі күшті (ауылдан оңтүстікке қарай) және орташа. Ауылдың солтүстігінде сор түзілуі және суффозия процестері жүруде. Сондай-ақ, Тұрыш ауылы қауіпті эолдық процестердің көрінуінен бірінші кезекте

қорғалуды талап етеді, сондай-ақ, халыққа экологиялық тәрибие беру бойынша жүйелі түрде жұмыстар жүргізу қажет.

5. *Бейнеу ауданының Ақжігіт а.* Ұялы құмды алабына жақын орналасқан Ақжігіт оңтүстік-шығыс, шығыс және солтүстік-батыс бағыттағы күшті желге ұшырайды, бұл бекітілмеген құмдарды қозғалысқа келтіреді. Бұған су алу сызығы бойындағы жер асты сулар деңгейінің 8 метрге төмендеуі және депрессиялық шұңқырлардың пайда болуы себеп болады, нәтижесінде жартылай бекітілген құмдар ауысып, ауылды көміп тастайды. Бейнеу ауданындағы Ақжігіт ауылы аумағының геологиялық-геоморфологиялық жағдайлары қолайсыз эолдық процестерге ұшыраудың және дамудың орташа қаупіне ие. Ақжігіт ауылы аумағының негізгі бедер түзуші процестері дефляция және жазықтық шаю болып табылады. Климаттық факторларды ескере отырып, Ақжігіт ауылы басқа елді мекендермен салыстырғанда дефляцияның орташа қауіп деңгейіне ие, бірақ шығыс бағытынан құмдардың үрлену қаупі жоғары. Құм мен шаңның уақыт бірлігіне 1 м фронт сызығы арқылы тасымалдану мөлшері Шығыс және шығыс-оңтүстік-шығыс бағыттарынан 27,6 м^3 болуы мүмкін. Ақжігіт ауылының аумағы эолдық процестердің пайда болуымен және қауіптілігінің орташа дәрежесімен сипатталады (5-сурет). Аумақта жартылай бекітілген құмдарда, ауыл маңындағы жайылымдарда жайылатын мал басуының өсуінен, деградация процесі күшеюде.

5 – сурет – Ғимараттың жанында құмды материалдың аккумуляциясы

Эолдық дефляциялық процестердің даму қаупін болдырмауға бағытталған іс-шаралар ауыл маңындағы жайылымдарды пайдалануды шектеуді, механикалық қорғауды және фитомелиорациялауды көздейді, сондай-ақ, халыққа экологиялық тәрибие беру бойынша жүйелі түрде жұмыстар жүргізу қажет.

6. Бейнеу ауданының Сыңғырлау а. Сыңғырлау ауылы басқа қарастырылатын елді-мекендерге қарағанда жоғары климаттық фактор (С 11,6) және орташа жоғары құрғақтық

индексі (I_A 0,33) тән. 2001-2020 жылдардағы жылдық жауын-шашын мөлшері 11,2 %-ға қысқарды, бұл ауаның орташа жылдық температурасының жоғарылауымен бірге бұл аймақтың құрғақтық индексін 0,04-ке арттырды. Алайда, қашықтықты ескере отырып, бекітілмеген құм алқаптары басым бағыттар бойынша тікелей қауіпті төмендетеді.

Бейнеу ауданының Сыңғырлау ауылы аумағының геологиялық-геоморфологиялық жағдайларының қолайсыз эолдық процестерге бейімділігі нашар. Сыңғырлау ауылы төңірегіндегі негізгі бедер түзуші процестері Қоныс өзені бойындағы жазықтық шаю және батпақтану мен тұздану болып табылады. Ауыл аумағына эолдық процестердің пайда болу қауіптілігінің әлсіз дәрежесі тән (6-сурет).

6 – сурет – Мал жаю нәтижесінде деградацияланған телімдер

Сыңғырлау а. әлеуметтік-экономикалық жағдайы депрессиялы, ол теріс демографиялық және экономикалық көрсеткіштермен анықталады. Мәселен, көші-қон ағынына байланысты талданып отырған кезеңде халық санының қатты азаюы (39 % - ға), сондай-ақ, халықтың шаруашылық табысының негізгі көзі болып табылатын мал басының (ІҚМ 4 есе, жылқы 10 % - ға, ешкі мен қой 13 есе, түйе 2 есе) азаюы байқалады.

Сыңғырлау а. халыққа экологиялық тәрбие беру жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу қажет.

7. Бейнеу ауданының Тәжен а. Тәжен ауылы аумағының геологиялық-геоморфологиялық жағдайларында эолдық процестердің даму қаупі төмен. Тәжен ауылының көп бөлігінде жазықтық шаю және бойлық (сызықтық) эрозия процестері жүреді. Климат жағдайлары дефляцияға бейімділікті көрсетеді. Басқа елді-мекендерге қарағанда Тәжен ауылында орташа жоғары құрғақтылық индексі (ІА 0,38) және салыстырмалы төмен климаттық фактор (С 8,1) бар. Екі салыстырылатын кезеңде (1971-2000 жж және 2001-2020 жж) жауын-шашынның орташа жылдық мөлшері айтарлықтай ұлғаймағандықтан, бұл жердің құрғақтылық индексі іс жүзінде өзгеріссіз қалып отыр. Ауыл

аумағы үшін бедер қалыптастырушы процестердің көрініс беру қауіптілігінің төмен дәрежесі, эолдық процестердің көрініс беруінің әлсіз дәрежесі тән (7-сурет). Тәжен ауылының әлеуметтік-экономикалық жағдайлары шартты түрде тұрақты деп сипатталады, олар халық санының өсуімен анықталады, бұл елді мекен тұрғындарына жұмыс орындарының болуымен байланысты болуы мүмкін. Сондай-ақ, қосымша табыс көзі болып отырған жылқылар мен түйелер санының өсуі байқалады. Ауыл маңындағы жайылымдардың басым бөлігі деградацияға ұшырағандықтан, жайылымдық жерлерді қалпына келтіру жөніндегі іс-шараларды орындау керек, сондай-ақ, халыққа экологиялық тәрбие беру жөніндегі жұмыстарды жүйелі негізде жүргізу қажет.

8. Түпқараған ауданының Таушық а. Түпқараған ауданының Таушық ауылы аумағы геологиялық-геоморфологиялық жағдайынан қолайсыз эолдық процестерге қатты ұшырамайды, әсері әлсіз. Физикалық-географиялық ерекшеліктерімен бірге жоғары климаттық факторды (С 18,2) ескере отырып, дефляция ықтималдығы төмен болған кезде жемірілудің (корразияның) жоғары қаупін болдырмауға болады.

7 – сурет – Эолдық процестердің әлсіз көрініс беру дәрежесі

Ауыл аумағында жазықтық шаю және сызықтық эрозия процестері кеңінен жүреді. Сызықтық эрозия қауіпті, өйткені оның көрінісі нәтижесінде топырақ эрозияға ұшырайды, осылайша газ құбырлары мен электр желілерілердің тіректері бұзылуы мүмкін. Ауылдың оңтүстігінде, батысында және оңтүстік-батысында сызықтық эрозия, жазықтық шаю және қорымдық процестер дамыған. Ауылдан солтүстікке қарай 3,2 км жерде Ащықара тұзды өзенінің аңғарында бүйірлік эрозия процестері жүреді. Ауылдан оңтүстік-шығысқа қарай 2,7 шақырым жерде сор түзілу және тұздану процестері жүріп жатыр. Таушық ауылының аумағы үшін бедертүзуші процестердің байқалуы мен оның орташа дәрежесі, эолдық процестердің байқалуының әлсіз дәрежесі тән (8-сурет).

Таушық ауылының әлеуметтік-экономикалық жағдайы шартты түрде тұрақты, мал шаруашылығы саласының белсенді дамуымен сипатталады. Мал басының өсуі

жайылымдық жерлерге қатты жүктеме түсіреді, осыған орай жерді деградацияға ұшыратпау үшін, алдын алу шараларын жасау қажет етеді, сондай-ақ халыққа экологиялық тәрбиелеу жөніндегі жұмыстарды жүйелі негізде жүргізу керек.

8 – сурет – Таушық ауылының маңында эолдық процестердің байқалуының әлсіз дәрежесі

9. Маңғыстау ауданының Жармыш а. Маңғыстау ауданының Жармыш ауылының аумағында геологиялық-геоморфологиялық жағынан эолдық процестердің даму қаупі төмен. Климаттық фактордың мәні (С 13,4) және өсу үрдісі бар құрғақшылық индексі (ІА 0,4) мәндері дефляцияға бейімділіктің артуын көрсетеді, бірақ бекітілмеген бос құмдардың болмауы қосымша қауіпті азайтады.

Зерттеу аумағында жазықтық шаю және сызықтық эрозия процестері жүреді. Ауылдың оңтүстік бөлігінде денудациялық және қорымдық процестер, сызықтық және жыра эрозиясы дамыған. Ауылдың солтүстігінде, шығысында және батысында жазықтық шаю процестері жүреді, оңтүстігінде опырылма-қорымдық процестері дамыған. Ауылдың оңтүстік-батысында жазықтық шаю және сызықтық эрозия процестері де дамыған. Күмбез тәрізді эрозиялық-денудациялық қалдықтарда сызықтық эрозия және денудация процестері жүреді. Жармыш ауылының аумағына бедер қалыптастырушы процестердің көрініс беруінің орташа дәрежесі мен қауіптілігі, эолдық процестердің көрініс беруінің әлсіз дәрежесі тән (9-сурет). Жармыш ауылының әлеуметтік-экономикалық жағдайы шартты түрде тұрақты деп сипатталады, ол ірі қара мал басының 2,4 есе, жылқының 3 есе, түйенің 1,8 есе тұрақты өсуімен анықталады. Мал басының өсуі жайылымдық жерлерге қатты жүктеме түсіреді, осыған орай жерді деградацияға ұшыратпау үшін, алдын алу шараларын жасауды қажет етеді, сондай-ақ халыққа экологиялық тәрбиелеу жөніндегі жұмыстарды жүйелі негізде жүргізу керек.

10. Қарақия ауданының Бостан а. Бостан ауылының геологиялық-геоморфологиялық жағдайлары қолайсыз эолдық процестерге әлсіз бейімділікке ие.

Зерттеліп жатқан аумақ бойынша Бостан ауылы салыстырмалы түрде төмен климаттық факторға ие (С 10,5).

9 – сурет – Жармыш ауылының маңы

Орташа жылдық жауын-шашын мөлшері екі салыстырылатын кезеңде (1971-2000 жж. және 2001-2020 жж.) іс жүзінде өзгеріссіз қалады, сондай-ақ осы өңірдің құрғақшылық индексі де тұрақты. Зерттеліп отырған аумақтың көп бөлігінде жазықтық шаю процестері байқалады. Ауылдың оңтүстік-шығыс бөлігінде және шығысында орналасқан төбелерде сызықтық эрозия және жазықтық шаю процестері дамыған. Ауылдың солтүстік-батыс бөлігінде үлкен жыра орналасқан, онда жыра эрозиясы дамыған. Бостан аумағына бедер түзуші процестердің қауіптілігі мен байқалу дәрежесінің орташа болуы, сондай-ақ эолдық процестердің әлсіз байқалуы тән (10-сурет).

10 – сурет – Бостан ауылының маңында эолдық процестердің әлсіз байқалуы дәрежесі

Шөлейттену мәселесі екі отбасы тұрақты тұратын Бостанқұм бөлімшесінде бар. Бостанқұм елді мекенінің айналасында мал жайылғандықтан, эолдық процестер белсенді дамып келеді.

Осыған орай, Бостан ауылының маңындағы жайылымдардың басым бөлігі деградацияға ұшырағандықтан, жайылымдық жерлерді қалпына келтіру жөніндегі іс-шараларды, сондай-ақ халыққа экологиялық тәрбие беру жөніндегі жұмыстарды жүйелі негізде орындау қажет.

Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде Маңғыстау облысында қауіпті эолдық процестерден бірінші кезекте қорғалуы қажет елді мекендер анықталды, оларға: Бейнеу ауданына қарасты Сам және Тұрыш ауылдары, Қарақия ауданына қарасты Сенек ауылы, Маңғыстау ауданына қарасты Ақшымырау ауылы жатады. Жоғарыда аталған елді мекендерде эолдық процестер өте қарқынды түрде байқалып, инженерлік және қоныстық құрылымдар үшін қауіп төндіруде. Жылжымалы құмдар ғимараттарды, ауылдық инфрақұрылымды, теміржол және автомобиль жолдарын басып қалады. Дефляция құрылымдардың іргетасындағы топырақты үрлеп ұшырып, құбырлар мен басқа да инженерлік құрылыстарды ашып тастайды, сондай-ақ, ауаның шаңдануын қалыптастырады.

Эолдық процестердің орташа дәрежедегі көрінісі Бейнеу ауданына қарасты Ақжігіт ауылында, әлсіз дәрежесі – Бейнеу ауданына қарасты Тәжен және Сыңғырлау ауылдарында, Қарақия ауданына қарасты Бостан ауылында, Маңғыстау ауданына қарасты Жармыш ауылында, сондай-ақ Түпқараған ауданына қарасты Таушық ауылында байқалады.

2 Құмдарды механикалық қорғау және фитомелиорациялау бойынша телімдердің алаңдарымен жұмыс кезеңдері бойынша іс-шараларды көрсете отырып, Бейнеу ауданының Тәжен ауылының айналасындағы қауіпті эолдық процестердің даму қаупін айқандау жөніндегі қызметтер сметасын әзірлеу

2.1 Түсіндірме жазба

«Маңғыстау облысы Бейнеу ауданында Тәжен, Сыңғырлау, Сам, Тұрыш және Ақжігіт, Қарақия ауданы Сенек және Бостан, Маңғыстау ауданында Жармыш және Ақшымырау, Түпқараған ауданында Таушық елді мекендерінде қауіпті эолдық процестердің даму қаупін айқындау мақсатында жобаның ғылыми негіздемесін орындау және қызмет сметасын әзірлеу» Жобасын орындау құны.

Сметалық құжаттама 2024 ж. баға бойынша жасалған;

Аумақтық аудан – № 12 Маңғыстау облысы;

Бейнеу ауданы үшін № 03 шағын аудан:

Қарақия ауданы үшін № 04 шағын район;

Маңғыстау ауданы үшін № 05 шағын ауданы.

Негізгі нысан құрылысын салу құны ҚР ҚНБҚ 8.01-08-2022 сәйкес анықталған. Қазақстан Республикасында құрылыстың сметалық құнын айқындау тәртібі ҚР Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері Комитетінің 2022 жылғы 1 желтоқсандағы № 223-НҚ бұйрығымен, өзгерістер мен толықтырулар ҚР Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері Комитетінің 2023 жылдың 3 наурызындағы № 41-НҚ бұйрығымен бекітіліп, жүзеге асырылған.

Жұмыстың құны «Қазақстан Республикасының элементтік сметалық нормаларының жинақтарын» (Өзгерістер мен толықтырулар 40 – шығарылым) пайдаланыла отырып айқындалды. (ҚР Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері Комитетінің 2024 жылғы 12 маусымдағы № 71-НҚ бұйрығымен. Өзгертулер мен толықтырулар 40 – шығарылым. ҚР Құрылыс істері және ТКШ комитетінің 14.12.2023 жылғы № 32- НҚ бұйрығы) және «ҚР ҚНБҚ 8.04-03-2023» Құрылыс – монтаж жұмыстарына арналған дара сметалық бағалар.

Инженерлік жабдықтардың, материалдардың, машиналарды пайдалану мен құрылыс жүктерін тасымалдаудың құны «2024 жылға арналған ағымдағы деңгейдегі сметалық бағалар жинағы». бойынша қабылданды (ҚР Құрылыс және ТКШ комитетінің 14.12.2023 жылғы № 32- НҚ бұйрығы. (ҚР СБЖ 8.04-08-2022 «Құрылыс материалдарына, бұйымдарына және конструкцияларына арналған ағымдағы деңгейдегі сметалық бағалардың жинақтары» 2024 жылға (20 жинақ) ҚР СБЖ 8.04-09-2023.

«Құрылыс нысандарының инженерлік жабдығына арналған ағымдағы деңгейдегі сметалық бағалар жинағы» 2024 жылға.

ҚР ЖТБЖ 8.04-12-2023 «Құрылыс үшін жүктерді тасымалдауға арналған ағымдағы деңгейіндегі сметалық бағалардың жинағы» 1-бөлім. Автомобиль тасымалы, 2024 жылға.

ҚР ЖТБЖ 8.04-12-2023 «Құрылыс үшін жүктерді тасымалдауға арналған ағымдағы деңгейдегі сметалық бағалардың жинағы» 2-бөлім. Теміржол тасымалдары, 2024 жылға.

ҚР МПБЖ 8.04-11-2023 «Құрылыс машиналары мен механизмдерін пайдалануға арналған ағымдағы деңгейдегі сметалық бағалардың жинағы, 2024 жылға. »

ҚР ЕШСБ 8.04-13-2023 «Құрылыстағы еңбек шығындарына арналған сметалық бағалардың жинағы», «Құрылыс материалдарына, бұйымдарға, инженерлік жабдыққа, жиһазға және құрал – жабдықтарға сметалық бағалар анықтамалығы. Қаңтар 2024» және өндіруші зауыттардың немесе жеткізуші компаниялардың прейскуранттары.

Осы сметалық құжаттаманы жасау кезінде келесі шарттар сақталды:

1. Аумақтық аудан – 12 – Маңғыстау облысы.

2. Сметалық пайда – ҚР ҚНБҚ 8.01-08-2022 8.2.65 тармағына сәйкес 5 %.

3. Қосылған құн салығы (ҚҚС) – ҚР Кодексінің 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 120-VI, 422 бабына сәйкес 12 % құрайды.

2.2 Нысанның Бас жоспары



2.3 Технологиялық шешімдер

Бейнеу ауданының Тәжен елді мекенінде қауіпті эолдық процестердің даму қаупіне арналған ұсынымдар. Құмды топырақтардағы елді мекендердің айналасы дұрыс пайдаланылмаған жағдайда 1-3 жыл ішінде деградацияға ұшырайды, тақыр жерлерге айналады және жайылымдардың тозуына әкеледі. Бұл аумақтарда құм бөлшектері шаңды дауылдар мен қолайсыз жағдайлар тудыратын эолдық процестердің жоғары белсенділігіне ие. Қарқынды эолдық процестер кезінде топырақ майда топырақты жоғалтады, мұндай жерлердің қалпына келуі мен табиғи фондық өсімдіктердің табиғи түрде өсіру процесі 15-20 жыл уақытты алады.

Тәжен ауылының маңайын зерттеу, физикалық-географиялық және әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың қазіргі жай-күйін талдау, сондай-ақ олардың қауіпті эолдық процестердің дамуына әсерін талдау нәтижесінде Маңғыстау облысының аумағында құмдарды бекіту бойынша әлемдік тәжірибені және бұрын орындалған жобаларды бағалай ескере отырып, келесі іс-шаралар ұсынылады: фитомелиорация, механикалық қорғаныс және осы әдістерді кешенді қолдану.

Талдау көрсеткендей, нысандардың құм баспауын ұзақ уақыт қамтамасыз ететін іс-шараларға құмды фитомелиорациялау әдісі жатады – псаммофит өсімдіктердің көшеттерін немесе қалемшелерін отырғызу. Құмды бекітуге және өсімдік жамылғысын құруға көмектесетін фитомелиорациялық жұмыстарда құмның жылжымалылығын, қозғалыс бағытын, өсімдіктерді басу және олардың үрлену қарқындылығын ескеру қажет. Телімдерді құмбасудан қорғаудың бұл әдісіндегі қиындықтарға отырғызылған өсімдіктердің тамыр жүйесінің үрленіп, құммен көмілуінен олардың опат болуының жоғары пайызы жатады. Өсімдіктердің өміршеңдік деңгейін жақсарту үшін үнемі суару қажет.

Ботаникалық жұмыстар. Отырғызу жұмыстарының мерзімі мен технологиясы псаммофитті көшеттерді өсірудегі жауапты сәт болып табылады. Қорғаныш жасыл орман белдеуін құру үшін таңдалған алты телімде 2х2 м ағаш өсімдіктерін орналастырудың біртипті сұлбасымен отырғызу ұсынылады. Отырғызу жұмыстарына ең оңтайлы уақыт болып ерте көктем саналады – топырақ жібігеннен кейінгі уақыт, осы аумақтарда бұл наурыздың 1-2-ші онкүндігі болып табылады. Отырғызу жұмыстары шөл өсімдіктерінің вегетациялық кезеңі басталғанға дейін қысқа мерзімде аяқталуы керек. Отырғызу көшеттерін егу алдында бірден қазып алу керек. Жер үсті бөлігін кесіп, тамырларды түзеткеннен кейін, отырғызу материалы топырақпен бірге полиэтилен пакеттерге салынуы керек, өйткені отырғызу материалы құрғауға өте сезімтал, сондықтан оны мұқият орау керек. Ұзақ тасымалдау кезінде отырғызу материалдары ылғалды жағдайда ұсталады. Отырғызу алдында көшеттердің тамыр жүйесі 3-3,5 литр сумен суарылады, содан кейін

аралықтар полиэтилен пакеттері шешіліп, алдын-ала дайындалған шұңқырларға көшеттердің тамыры 50-60 см тереңдікке салынып, құммен мұқият жабылады. Отырғызу қатарынан қоршау қашықтығы кемінде 2 метр болу қажет.

Өсімдіктерді сумен суару үнемі жүргізіледі, аптасына 1-2 рет (ыстық күндерде аптасына 2 рет). Суару сәуірден қыркүйекке дейін 6 ай ішінде жүргізілуі керек. Отырғызуды 800-1000 $м^3$/ га мөлшерінде суару керек. Бірінші жылы кем дегенде 24, оның ішінде жаз мезгілінде аптасына 2 рет суару қажет. Кейінгі жылдары суару санын біртіндеп азайтуға болады. Отырғызу кезінде өсімдіктің толық бейімделуіне дейін (өсімдіктер топыраққа бейімделгенге дейін) құмның қозғалысын ұстап тұру үшін қамыс төсеніштері қажет. Қамыс төсенішінің биіктігі жер бетінен 0,2-0,4 метр болуы керек.

Жобаны іске асырудың бастапқы және кейінгі кезеңдеріндегі ботаникалық жұмыстар фитомелиорацияның тиімділігін айқындайтын болады, оның негізгі мақсаты – елді мекенді қауіпті эолдық процестерден қорғау және құммен бекіту. Сонымен бірге олар ресурстарды қажет етеді: тұқымдар мен көшеттердің үлкен көлемімен қамтамасыз ету; құмдардың белсенді дефляциясы жағдайында егу мен отырғызудың жергілікті технологиясын әзірлеу; көшеттерді күту, оларды қорғау, қоршау және құм тоқтататын өсімдіктердің түрлері үшін перспективалы коллекциялық питомник құру. Тәжен ауылының маңындағы өсімдіктер қауымдастығының фитоценоздық құрамы 1-кестеде көрсетілген.

Ылғалдың қатты жетіспеушілігі жағдайында бұзылған топырақты фитомелиорациялау үшін қолданылатын өсімдіктердің қоршаған ортаның қолайсыз жағдайларына бейімделуі қиын. Отырғызылған бірінші жыл ішінде өсімдіктер баяу дамиды, ыстық кезеңде ішінара опат болады, бұл жобаны іске асырудың кейінгі жылдарында қайта отырғызу қажеттілігін тудырады.

Тажен ауылындағы құм массиві дефляциясынан қатты деградацияға ұшыраған аумақтарында мелиорацияны қиындататын факторлар: шағыл құмдардың қалыптасуы; үрлемелі құм қабаттарында өсімдік тұқымдарының мүлдем болмауы; бірінші сатыдағы шағыл құмдарда өсетін псаммофиттердің шектеулі саны; жел эрозиясының алдын алатын немесе тоқтата алатын бастапқы механикалық қорғаныс үшін көшеттер мен жергілікті материалдардың болмауы.

Қорғаудың кешенді әдісі. Маңғыстау облысының табиғи жағдайларының өзіндік ерекшеліктері – ауаның жоғары температурасы, тұщы судың жетіспеушілігі – қауіпті эолдық процестердің даму қаупін болдырмау жөніндегі іс-шараны жүзеге асыру кезінде аралас әдістер мен арнайы материалдарды қолдануды талап етеді. Бұл ретте ұсынылатын және қолданылатын қорғаныс материалдарының экономикалық тиімділігі мен экологиялық

жарамдылығын ескеру қажет. Фитомелиорациядан басқа құм тоқтату бойынша іс-шараларды орындау қажет.

1-кесте – Тәжен ауылының маңындағы өсімдіктер қауымдастығының фитоценоздық құрамы

Түр	Қауымдастық мүшесі	Друде бойынша көптігі	Вегетация кезеңі	Даналардың орташа биіктігі, см
Гармала обыкновенная *Peganum harmala*	басым түр	Cop2	Вегетация, гүлдеу	25-30
Солянка почечконосная *Salsola gemmascens*	бірлескен басым түр	Cop-sp	Вегетация, бүрлену	20-25
Ежовник солончаковый, или Биюргун *Anabasis salsa*	бірлескен басым түр	Cop-sp	Вегетация, бүрлену	10-15
Анабазис безлистный *Anabasis aphylla*	компонент	Cop-sp	Вегетация, бүрлену, гүлдеу	30-40
Анабазис усечённый, Ежовник усечённый *Anabasis truncata*	компонент	Cop-sp	Вегетация, бүрлену	10-15
Рогач песчаный *Ceratocarpus arenarius*	компонент	sp	Жеміс беру	5-10
Свинорóй пáльчатый, или пальчáтая трава *Cynodon dactylon*	компонент	Cop-1	Вегетация	До 10
Сведа заострённая *Suaeda acuminata*	компонент	sp	Вегетация, гүлдеу	15-20
Кермек полукустарниковый *Limonium suffruticosum*	компонент	sp	Вегетация, гүлдеу	20-25
Полынь белоземельная *Artemisia terrae-albae*	компонент	Cop-1	Вегетация, гүлдеу	20-25
Мортук Бонапарта *Eremopyrum bonaepartis*	компонент	Un	жойылу	5-6
Солянка Паульсена *Salsola paulsenii*		sp	Вегетация, гүлдеу	10-15

Құмдарды бекіту механикалық сызықтық немесе клеткалық қорғаныстарды орнату, бетіне химиялық тұтқыр препараттардың жолақтары немесе үйінділер түрінде, сондай-ақ кез-келген агрегатталған материалдың жұқа қабаты – тальк, ұсақ тас, түйіршікті саз немесе тіпті құмдақты қолдану арқылы жолақтар түрінде жүзеге асырылуы мүмкін. Қарастырылып отырған ауданда қорғаудың кешенді әдісін ұсынамыз. Оның негізі тік орнатылған механикалық қорғаныс және жоғарыда аталған өсімдіктерден псаммофиттерді отырғызу болып табылады. Механикалық қорғаныс үшін материал ретінде төсеніштер жасауға болатын ірі сабақты су өсімдіктерін – қамыс, қоға, қияқ өсімдіктерін қолдануды ұсынамыз. Ені 120-140 см болатын қамыс төсеніштері ені 60-70 см болатын екі жолаққа балтамен кесіледі. Құмда (мейлінше жақсы ылғалданған) тереңдігі 40 см күректің енімен бірдей арықтар қазылады, онда қамыс жолақтары салынып, көміледі (желдің басым бағытына көлденең), құм бетінен 20-40 см биіктік қалдырылады.

Құм басу барлық жағынан байқалатын жерлерде клеткалық механикалық қорғаныс ұйымдастырылуы керек. Ол үшін қатарларға көлденең 3 м сайын қамыстан жасалған бөгеттер орнатылады. Қатарлар арасындағы қашықтық 3 м. Қамыс төсеніштерін орнату мысалдары 11-суретте көрсетілген.

Қамыс төсеніштерін төсеу жұмыстарын кейбір телімдерде механикаландыруға болады. Ойықтарды қазу жұмысын үш қосауызды тіс дәнекерленген үш бұрышты жақтау түріндегі құрылғы орнатылған трактор орындайды. Механикаландыру еңбек өнімділігін едәуір арттыруға және құмды нығайту жұмыстарының көлемін кеңейтуге мүмкіндік береді.

Қамыстан жасалған қатарларды немесе торларды орнату кезінде тұқым себуге немесе отырғызуға арналған су ыдысы бар автокөлікке арналған жолдар қарастырылуы керек. Ені 3-4 метр болатын мұндай жолдарды әр 20 метр сайын орналастыру керек. Мұндай жолдардағы құм беті қатарлы немесе клеткалық механикалық қорғаумен бекітілмейді.

Құмдарды бекітудің кешенді әдісі өсімдіктерді отырғызуды және қамыс төсеніштерін қолдануды ғана емес, сонымен қатар білікше түрінде құм бетіне саз үйінділерін жүргізуді де қамтиды. Жергілікті құмдақты топырақты басым желдердің бағытына көлденең білікшелер тәрізді орнату арқылы немесе 10-20 см құмдақтан жасалған үйінділерді орнату арқылы құмды беттерді бекіту үшін де қолдануға болады. Білікшелер мен үйінділерді дереу 1 м^2 бетіне 3-4 литр мөлшерінде сумен бүрку керек. Құмдақты топырақтағы саздың мөлшері 30 %-ға дейін. Оларды сумен бүркегенде (құрғаганнан кейін) құмдақтың бетіне қалыңдығы 2-2,5 см болатын қатты қабықша пайда болады.



11-сурет – Қамыс төсеніштерінен немесе байланыспаған қамыстан жасалған қатарлар (а) мен клеткалардың (б) орналасу сызбасы (сызбада көрсетілгендей, бумалар екіге бүгіледі (в))

Тамшылатып суару жүйелерін қолдану. Су ресурстары өте шектеулі Маңғыстау облысының табиғи жағдайында суарушы суды тиімді пайдалану құм тоқтататын өсімдіктердің тіршілігін қамтамасыз етудің негізгі факторы болып табылады. Бұл мәселені шешудің озық технологияларының бірі тамшылатып суару болып табылады, бұл әдіс аз мөлшердегі суды өсімдік тамырларына тікелей жеткізеді. Бұл булану және ағынмен байланысты судың жоғалуын айтарлықтай азайтуға мүмкіндік береді және топырақтың біркелкі ылғалдануын қамтамасыз етеді.

Аридтік аумақтар жауын-шашынның өте төмен деңгейімен (жылына 250 мм-ден аз), жоғары температурамен және үлкен буланумен сипатталады. Мұндай жағдайларда жер үсті немесе жаңбырлатып суару сияқты дәстүрлі суару әдістері жиі тиімсіз болады, өйткені судың көп бөлігі өсімдіктердің тамыр жүйесіне жетпей буланып кетеді немесе жер үсті ағынында жоғалады.

Бұл судың айтарлықтай шығынына және өнімділіктің төмендеуіне әкеледі. Сондай-ақ, шөлді аймақтардағы жер асты сулары тұзды болуы мүмкін екенін ескерген жөн, бұл дәстүрлі суару жүйелерін пайдалануда қосымша қиындықтар тудырады. Тұздардың жоғары концентрациясы топырақтың сапасын нашарлатып, өсімдіктерге зиян тигізуі мүмкін. Суды тура жеткізу мүмкіндігіне ие тамшылатып суару бұл мәселелерді болдырмауға мүмкіндік береді.

Тамшылатып суару дәстүрлі суару әдістеріне қарағанда, әсіресе шөлді жағдайларда бірқатар маңызды артықшылықтарға ие:

– Суды үнемдеу: тамшылатып суарудың басты артықшылықтарының бірі – суды тұтынудың айтарлықтай төмендеуі. Су тікелей өсімдіктердің тамырына жеткізілгендіктен, бұл булану мен ағын шығынын азайтады. Зерттеулер көрсеткендей, тамшылатып суару басқа әдістермен салыстырғанда су шығынын 30% - дан 50% - ға дейін азайтуға мүмкіндік береді;

– Аридті жағдайда өсімдіктердің өміршеңдігін арттыру: су мен қоректік заттардың нақты мөлшерленуі өсімдіктердің өсуіне оңтайлы жағдай жасауға ықпал етеді. Бұл өсімдіктің жоғары вегетациялық өсуіне әкеледі;

– Топырақтың тұздануының төмендеуі: аридті аймақтарда топырақтың тұздану мәселесі жиі кездеседі, бұл фитомелиорациялық жұмыстардың мүмкіндіктерін айтарлықтай шектеуі мүмкін. Тамшылатып суару тұздану қаупін азайтады, өйткені су аз мөлшерде беріледі және тамырға біркелкі таралады, бұл топырақ бетінде тұз беттерінің пайда болуына жол бермейді;

– Экономикалық тиімділік: тамшылату жүйесін орнатудың бастапқы құны жоғары болуы мүмкін болса да, ұзақ мерзімді пайда (суды үнемдеу, өсімдіктердің өміршеңдігін

жақсарту, еңбек шығындарын азайту) бұл технологияны экономикалық тұрғыдан тиімді етеді. Су тапшылығы жағдайында бұл өте маңызды болып табылады.

Тамшылатып суару кезінде әр түтікте судың біркелкі таралуын қамтамасыз ететін, арықтарды бұзып және жапырақтарды зақымдауы мүмкін су ағындарын болдырмайтын, арнайы сужібергіштер болады. Оны қолдану келесідей: су сужібергіштер арқылы тікелей өсімдіктің тамыр аймағына өтеді, бұл суарудың басқа әдістерімен салыстырғанда үлкен артықшылықтарға ие. Осының арқасында топырақтың егістік қабаты үнемі ылғалды күйде капиллярлық ылғалсыйымдылық деңгейінде сақталуы мүмкін, ал қатарлар құрғақ болып қалады, бұл арамшөптердің санын азайтуға көмектеседі. Бос беттен судың булану шығыны болмайды, грут қабықшасының пайда болуы және топырақ құрылымының бұзылуы болмайды. Тамшылатып суару кезінде топырақтың температурасы басқа суару түріне қарағанда әрқашан жоғары болады, бұл өсімдіктерді аяздан қорғауға мүмкіндік береді.

Тамшылатып суару жүйесінің базалық жиынтығы келесілерден тұрады: сумен жабдықтау көзі; станция сүзгісі; магистральдық құбыр; қысым реттегіші; ажырату құбыры; ауаны босату клапаны; жалғау және бекіту арматурасы; тамшылау желісі (https://propoliv.com/blog/tekhnologii/osnovnye-elementy-sistemy-kapelnogo-poliva/).

Тамшылатып суару шөл жағдайында фитомелирациялық жұмыстардың ең тиімді технологияларының бірі болып табылады. Ол суды үнемдеуді, псаммофиттердің өміршеңдігін жақсартуды және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз етеді, бұл әсіресе су ресурстары шектеулі аймақтарда маңызды. Тамшылатып суаруды енгізу өсімдіктердің климаттық өзгерістерге төзімділігін едәуір арттыруы және аридті аймақтарда азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде шешуші рөл атқаруы мүмкін. Жоғарыда сипатталған фитомелиорациялық жұмыстарды карта-сызбаларда көрсетілген 6 таңдалған зерттеу телімдерінде орындау қажет (12-17 суреттер).



Телім 1	Координаттар		Биіктік (м)	Аудан (га)	Периметр (м)
	X	Y			
1.1	44°53'48"86	55°58'03"48	79	2.22	698
1.2	44°53'50"83	55°57'59"87	79		
1.3	44°53'40"91	55°58'00"19	77		
1.4	44°53'43"22	55°57'57"02	77		

12-сурет – Тәжен ауылының бірінші теліміндегі фитомелиорациялық жұмыстардың карта-сызбасы



Телім 2	Координаттар		Биіктік (м)	Аудан (га)	Периметр (м)
	X	Y			
2.1	44°53'40"16	55°57'59"78	78	3.24	850
2.2	44°53'42"33	55°57'56"39	78		
2.3	44°53'31"80	55°57'51"02	79		
2.4	44°53'33"79	55°57'47"42	79		

13-сурет – Тәжен ауылының екінші теліміндегі фитомелиорациялық жұмыстардың карта-сызбасы



Телім 3	Координаттар		Биіктік (м)	Аудан (га)	Периметр (м)
	X	Y			
3.1	44°53'20"23	55°58'01"22	80	2.92	787
3.2	44°53'17"89	55°57'58"09	80		
3.3	44°53'26"05	55°57'50"83	81		
3.4	44°53'23"82	55°57'47"49	81		

14-сурет – Тәжен ауылының үшінші теліміндегі фитомелиорациялық жұмыстардың карта-сызбасы



Телім 4	Координаттар		Биіктік (м)	Аудан (га)	Периметр (м)
	X	Y			
4.1	44°53'16"67	55°58'07"78	80	1.54	514
4.2	44°53'14"47	55°58'04"61	79		
4.3	44°53'19"74	55°58'01"81	80		
4.4	44°53'17"24	55°57'58"83	80		

15-сурет – Тәжен ауылының төртінші теліміндегі фитомелиорациялық жұмыстардың карта-сызбасы



Телім 5	Координаттар		Биіктік (м)	Аудан (га)	Периметр (м)
	X	Y			
5.1	44°53'08"70	55°58'39"72	80	4.79	1163
5.2	44°53'06"30	55°58'36"61	80		
5.3	44°52'59"92	55°58'57"61	82		
5.4	44°52'57"39	55°58'54"77	82		

16 -сурет – Тәжен ауылының бесінші теліміндегі фитомелиорациялық жұмыстардың карта-сызбасы



Телім 6	Координаттар		Биіктік (м)	Аудан (га)	Периметр (м)
	X	Y			
6.1	44°52'58"93	55°58'59"41	81	3.6	923
6.2	44°52'56"37	55°58'56"59	81		
6.3	44°52'52"75	55°59'13"28	80		
6.4	44°52'50"13	55°59'10"59	80		

17-сурет – Тәжен ауылының алтыншы теліміндегі фитомелиорациялық жұмыстардың карта-сызбасы

2.4 Сметалық құжаттама

Форма 1

Тапсырыс беруші :

Бекітілген

Сомадағы құрылыс құнының сметалық есебі	291 734,706	мың теңге
соның ішінде:		
қосылған құн салығы	31 257,290	мың теңге

(бекіту туралы құжатқа сілтеме)

"___" _____ 20___ж.

ҚҰРЫЛЫС ҚҰНЫНЫҢ ЖИЫНТЫҚ СМЕТАЛЫҚ ЕСЕБІ

Тәжен елді мекеніндегі қауіпті әолдық процестердің даму қаупін айқындау мақсатында жобаның ғылыми негіздемесін және қызмет сметасын әзірлеу.

(құрылыс атауы)

2024 ж. маусымдағы бағасы

№ р/с	еталар мен есептеулердің, ка құжаттардың нөмірлері	Тараулардың, объектілердің, жұмыстар мен шығындардың атауы	Сметалық құны, мың теңге			Жалпы сметалық құны, мың теңге
			Құрылыс-монтаж жұмыстары	Жабдықтар, жиһаз және бұйымдар	Басқа жұмыстар мен шығындар	
1	**2**	**3**	**4**	**5**	**6**	**7**
		2 Бөлім. Құрылыстың негізгі объектілері				
1	ЖС 2-1-2	Тәжен елді мекеніндегі қауіпті әолдық процестердің даму қаупін айқындау мақсатында жобаның ғылыми негіздемесін және қызмет сметасын әзірлеу.	192 604,274	--	--	192 604,274
		Барлығы бөлім бойынша	**192 604,274**	**--**	**--**	**192 604,274**
		БАРЛЫҒЫ 1-7 БӨЛІМДЕР БОЙЫНША	**192 604,274**	**--**	**--**	**192 604,274**
		8 БӨЛІМ. Құрылысты ұйымдастыру және басқару шығындары				
5	ҚР ҚНБҚ 8.04-09-2022, 1 кесте, т. 1.54	Жалпы құрылыс бойынша құрылыс-монтаж жұмыстарын ұйымдастыруға және басқаруға арналған шығындар (жалпы алаң шығындары) 6,8%	13 097,091	--	--	13 097,091
		Барлығы 8-тарау бойынша	**205 701,365**	**--**	**--**	**205 701,365**
		БАРЛЫҒЫ 1-8 БӨЛІМДЕР БОЙЫНША	**205 701,365**	**--**	**--**	**205 701,365**
6	ҚР ҚНБҚ 8.01-08-2022 т.8.2.65.2	Сметалық пайда 5%	10 285,068	--	--	10 285,068
7	ҚР ҚНБҚ 8.01-08-2022, т.8.2.66.4 а)	Күтпеген жұмыс және шығындар-3%	6 171,041	--	--	6 171,041
		БАРЛЫҚ СМЕТАЛЫҚ ҚҰНЫ	**222 157,474**	**--**	**--**	**222 157,474**
8	ҚР ҚНБҚ 8.04-07-2023 Құрылысқа арналған құн индекстері, 2 кесте	оның ішінде 2025 жылға арналған ағымдағы баға - 30 %, К=1,079	71 912,374	--	--	71 912,374
9	ҚР ҚНБҚ 8.04-07-2023 Құрылысқа арналған құн индекстері, 2 кесте	оның ішінде 2026 жылға арналған ағымдағы баға - 30 %, К=1,1621	77 450,760	--	--	77 450,760
10	ҚР ҚНБҚ 8.04-07-2023 Құрылысқа арналған құн индекстері, 2 кесте	оның ішінде 2027 жылға арналған ағымдағы баға - 20 %, К=1,2504	55 557,141	--	--	55 557,141
11	ҚР ҚНБҚ 8.04-07-2023 Құрылысқа арналған құн индекстері, 2 кесте	оның ішінде 2028 жылға арналған ағымдағы баға - 10 %, К=1,2504	27 778,571	--	--	27 778,571
12	ҚР ҚНБҚ 8.04-07-2023 Құрылысқа арналған құн индекстері, 2 кесте	оның ішінде 2029 жылға арналған ағымдағы бағада 2029 - 10 %, К=1,2504	27 778,571	--	--	27 778,571
13	ҚР Салық кодексі	Қосылған құн салығы - 12 %	--	--	31 257,290	31 257,290
		БАРЛЫҚ СМЕТАЛЫҚ ЕСЕП БОЙЫНША	**260 477,416**	**--**	**31 257,290**	**291 734,706**

БАСТАПҚЫ ДЕРЕКТЕР: Э10000

№ АВС деректер жолы (Мәтін фрагментінің жол нөмірі)

1 Э10000'К9Q9Ж5'Ц8Н2ХМ+Ш1Б''12.05'''''*

2 Ю''Маңғыстау облысы Бейнеу ауданындағы Тәжен, Сыңғырлау, Сам, Тұрыш және Ақжігіт, Қарақия ауданында Сенек және Бостан, Маңғыстау ауданында Жармыш және Ақшымырау, Түпқараған ауданында Таушық елді мекендерінде қауіпті эолдық процестердің даму қаупін айқындау мақсатында жобаның ғылыми негіздемесін және қызмет сметасын әзірлеу'2024-2029-1'1'Маңғыстау облысы Бейнеу ауданының елді мекендерінде қауіпті эолдық процестердің даму қаупін айқындау мақсатында жобаның ғылыми негіздемесін және қызмет сметасын әзірлеу"''2'2-1-2'1'1'Тәжен елді мекеніндегі қауіпті эолдық процестердің даму қаупін айқындау мақсатында жобаның ғылыми негіздемесін және қызмет сметасын әзірлеу.''''*

4 РМеханикалық қорғау әдістері*

5 П2Мелиорацияланатын алаңдарды қоршау*

6 Е11-270901-106(РС295525)(РС295453)(РС128476РС128146)(РС280106)(К РЗП=1)(РС149395)'4935''Тормен қоршау. Құрылғы'м*

7 Е11-70111-201(РС102867)(РС295683)(РС296245)(К РЗП=1)'6''Айқарма қақпа. Металл тіректерді орнататын құрылғы'дана.*

8 С1211-201-0501(К Link=Е11-270901-106 LinkR=295453)'0,0069.4935''Құрылыс жұмыстарына арналған тығыз жыныстардан тұратын шақпатас М800 ҚР СТ 1284-2004 фракция 5-10 мм'м^3*

9 С1241-102-0169'(5925+6.6).1,04''Электрмен дәнекерленген тік тігісті болат құбыр, диаметрі 15-тен 114 мм ГОСТ 10705-80 өлшемдері 102х3,5 мм'м*

10 П2Саз үйіндісі*

11 Е11-10204-101(РС131835)(РС244561)(К РЗП=1)'1974''ПБілікше түрінде құмды бетке сазбен үйінділер салу'м*

12 С1211-102-0101(К Link=Е11-10204-101 LinkR=244561)'0,14.1974'2433'Табиғи саз'м^3*

13 П2Қамыс төсеніштерін орнату*

